

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ**Өмірбекова Назерке Өмірбекқызы**nazerke.mrbekova@mail.ru

«Филология» білім бағдарламасының 3курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к. - **Балтоғаева Ж.Е**

Публицистика жанры қай кезеңде болмасын заман шындығын боямасыз, бүкпесіз шынайы түрде жеткізуге бағытталады. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әскери публицистика соның дәлелі бола алды. Сол кездің өзінде де жазушыларымыз бен публицистеріміздің барлық күш-жігері мен таланты ортақ мүдде – жауды тізе бүктіруге бағытталды. Сұм соғыс кезінде де қаламгерлеріміз майданда қантөгіс ұрыстарға қоян-қолтық араласып қана қоймай, сол сұрапыл күндердің шежіресін мәңгі өшпестей етіп халық жадына жазып кетті. Қиын-қыстау кезеңдегі ауыр жағдайларда, жедел сұраныс мезеттерінде көптеген жарқын публицистік шығармалар дүниеге келді. Олардың әрқайсысында майданның шындық шежіресі асқан шеберлікпен көрініс тапты. Сол кездің баспасөз материалдарының көбі дерлік «Барлығы майдан үшін!», «Барлығы жеңіс үшін!» – деген айбынды ұрандарға бағындырылып, публицистика аса зор ұйымдастырушылық сипат алды. Майдандағы жауынгерлерге де, жеңісті тағатсыздана күтіп отырған халыққа да, үлкен күш жігер берген еліміздің сөз шеберлерінің публицистикалық шығармалары отты жылдар шежіресінің өшпес парақтарына айналды. Заман талабына қарамастан-соғыстың сұм жылдарындағы қазақ публицистикасы – ұрпақ тәрбиесінің патриоттық рухын көтерер, қайсарлық пен батылдыққа, отан сүйгіштікке баулитын бірден бір қазақ тарихындағы ерекше рөлге ие, әрі алдыңғы сапта айтылар рухани мұра.

Соғыс жылдарындағы қазақ публицистикасының басты ерекшелігі – абырау мен абыржу, үлкен үмітпен күту халіндегі күрескер халыққа күш-жігер берді. Өз халқымен үздіксіз байланысты болып, олардың ойлары мен сезімдерін білдіріп, әрі асқан абыроймен үміт отын жақты. Сұрапыл соғыс жылдарындағы публицистика арқылы халықтың сол кездегі толғаныс тебіренісін, көңіл-күйін және заманның бет бейнесін тануымызға болады. Қаһарлы күндердегі қазақ жазушылардың патриоттық публицистикалық мақалалары Отан соғысының алғашқы күндерінен-ақ халық арасында кең таралды.

Әрине, екінші дүниежүзілік соғыс секілді ұлы тарихи оқиғаны бар болмысымен жеткізу, бейнелеу үшін шебер көсемсөзші, сол алапат айқастың ащы-тұщысын татып, оның азап-тозағын өз басынан өткерген болуы керек. Сонда ғана барып оқырман жүрегіне жол табар шығарма дүниеге келеді. Соғыс жылдарындағы қазақ әскери публицистикасын сөз еткенде ең алдымен ойға оралар есім, ерлігі қалың көпке таныс тұлға, жауынгер-жазушы, ірі публицист Баубек Бұлқышев. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ әскери публицистикасының дамуын Баубек шығармашылығынсыз елестету мүмкін емес.

Сол сұм жылдары өзі де от пен оқтың ортасында жүрген майдангердің талант табиғатының жарқырай көрініп, жазушылық қырларының бой көрсеткен тұсы сұрапыл соғыс жылдарындағы майдандас достарының ерлік істерін, ой-арманын, патриоттық істерге толы мақала, аса шеберлікпен жазылған очерктері еді. Баубек публицистикасындағы лиризм – оның басты өзгешеліктерінің бірі. Баубек – публицист өз қаламын еркін сілтеді, табиғи жазды. Оны қазақ әскери публицистикасының шыңына көтерген үш бастау бар. Ол – поэзия, философия, музыка. Осы үш тараптан құйылған қуатты күш, серпінді сезім, асқақ ой мәңгі оқылтын Бұлқышев публицистикасын туғызды. Баубек Бұлқышев әскери публицистикалық шығармаларының тақырыптық-танымдық ерекшеліктерін қазақ публицистикасында бұрыннан келе жатқан соғыс ақиқатын жеткізу проблемасын ашып көрсетудің шығармашылық дәстүрлі мектебі деп қарастырған жөн. Оның соғыс

тақырыбындағы шығармалары елдің бүкіл сана-сезім, күш-жігерін ортақ жауды жеңуге жұмылдырды, жоғары патетикалық пафосты, шешен тілді, халық даналығын өз ойларына өзек етіп қолданды. Б.Бұлқышев публицистикасы ауыз әдебиетінің бай қазынасымен суарылып, тарихи аңыздардан, айтыстар мен мақал-мәтелдерден, жыраулық поэзия үлгілері мен шешендік сөздерден тамыр тартты. Және сол бай рухани мұра майдандағы және тылдағы деректі фактілермен, ақиқат оқиғалармен, баяндаудың қуатты мәнерімен астасып жатты. Соның нәтижесінде өткір тіл, ойды қысқа және дәл жеткізуге құрылған ғажайып публицистикалық шығармалар туды. Жалпы Баубек публицистикаға өлеңмен келді. Бұл оның шығармаларының басты ерекшелігінің бірі. Қаламгердің қара сөзбен жазғандарының бәрі де өлеңдей төгіледі, өлеңдей оқылады. Мысалы:

«...Тыныштық. Жел үнсіз, жапырақ тілсіз, құстар әнсіз, дүние түгел қалғығандай. Атылған оқ, жарылған бомба күрсілі де естілмейді. Ғажайып бір үнсіздік, тым-тырыс, таңертеңгі жер сілкіңтердей қан майданның алдындағы тылсым тыныштық...» [1, 18 б.] – тыныштық, бейбітшіліктің шексіз құны мен өлшеусіз бағасын түйсіндіретін «Таң алдындағы тыныштық» атты өлең сияқты. Әйтпесе, «...Ел қорғауға ер намысымен аттанған біздің алдымызда үлкен бел жатыр, Шығысұлы! Туған елдің келешегін сақтауға біз міндеттіміз. Ендеше қазақ қыздарының ғасырлар бойы «Елім-ай» деп сар даланы күңіретіп салған зарлы әнін бүгінгі күні жаңа күймен ұрыс алдында бір шырқасақ, оның айып-шамы жоқ. «Елім-ай» елін сүйген қыз жүрегінен шыққан ән. Елін сүйген ер жігіт қазіргідей заманда «Елім-ай» – десе ол ант! Ол серт! Ұрыс алдында жауынгердің жүрегіне төтенше махаббат құймақ, Шығысұлы. Кел, шырқатып «Елім-айды» салайық. Қайғымен емес, жауға бермейміз елімізді деп, жігерленіп салайық, хасіретпен емес, ел үшін, жер үшін өлімге қарсы жүреміз деп, серт бере салайық. Сен қайда болсаң да, біздің даусымыз қосылады»...[2, 30-31 бб.] Жүректен үзіліп түскен бұл моншақтарда ұйқас болмаса да, ішкі сезім иірімдері бар, ерекше рухты екпін бар, сонысымен де – Елім-ай» – деген өлең болып құйылып түскен.

Оның «Жизнь солдата» (Москва, 1946), «Өмір біздікі» (М.Иманжанов редакциясымен жарық көрді. –1948), «Жауынгер мәңгілігі» (құрастырған: Д.Әбілов 1965), «Адамзатқа хат» (1977), «Заман біздікі» (құрастырған: С.Асқаров. –1984), «Адамзатқа хат» (құрастырған: Р.Рүстембекова, Р.Ыдырысов. –2005), т.т. кітап, жинақтарына енді. Жауынгер-жазушының өмірі мен кезеңі, шығармашылығы туралы дерекнамалық мәліметтер: «Советтік Қазақстан Жазушылары». – Алматы: Жазушы, 1987. -155-156 беттер; «XX ғасыр: Қазақстан Жазушылары» (анықтамалық) сынды еңбектерден де кең орын алды. Майдангердің шығармашылық мұрасына жақсылап үңілсек, қаламгердің талабы биік, талғамы жоғары, таланты зор екенін байқап, қайсар әрі батыл екенін аңғарамыз. Ол «Біз кәрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз, соғыста өлеміз де. Күресте тудық, сол күреспен өлеміз. Осының бәрі сендер үшін, кейінгі ұрпақ!»[19-20]

Ал ел-жер, Отан мен отбасы, тәлім-тәрбие арналары қиын да күрделі кезең көріністерімен байланыс-бірлікте, сабақтастық сипатта өріс алады. Қаламгер публицистикасын сөз еткенде, оның жорық шежірелерінің дәл әрі нақты берілуі жорық жолдарының күнбе-күнгі оқиғаларын қойын дәптеріне дәл түсіріп отырған-ау деген ойға қаласыз. «Мен – шығыс адамымын, батысқа кетіп барам. Біраз жерге келіп те қалдық. Менің елім жақтан шығатын алтын күн мені ұзақ күн бойы жылытады, ол қашанда қасымда. Міне, кеш бола бастады. Күн батысқа еңкейіп келеді, мен де батысқа қарай келе жатырмын. Күн де мені қимағандай, ұясына қона қоймай тұр. Маған көзін тура қадап: «Шығыс ұлы, жолың болсын! Шығысқа жеңіспен қайт! Мен сені Алатаудың аясында қарсы алармын!» – деп тұр. Күн көкжиекке батып барады. Мен әлі жүріп келем, алға кетіп барам. Мен жау тас-талқан болып жеңілгенше, ілгері қарай аяндай беруге тиістімін». (Батыс майдан, 1942ж апрель.)[34]

Туынды табиғатынан: адам мұраты мен қайраты, өмір-дүние дидары, мәні мен сыр-сипаттары, ел-жерді қорғау мен құрметтеудің қажеттіліктері, оған адал қызмет етудің жай-жапсары кеңінен көрініс береді. Оның азаматтық идеясы мен өмірге құштарлығын, «Менің

өмір сүргім келеді, бірақ фашист неміспен бірге өмір сүре алмаймын. Фашисі бар дүние тар мен үшін. Адам мен аң бір бөлмеде тұра алмайды. Бір жердің үстінде фашист неміспен жасай алмаймын мен. Біз Шиллерді, Гетені сүйетінбіз, біз оларды қазір де жақсы көреміз. Біз қанқұмар емеспіз. ...Менің қалам, университетім, менің сүйетін – Жаннам. Мен сендерге соғыс өртін қақ жарып өтіп келе жатырмын. Әрі асығам, әрі алқынамын. Мен сендерге жеткім келеді. Бірақ дәл жолымда көлденең тосып, автомат ұстаған неміс тұр. Ол мені өлтіргісі келеді. Ол менің жолымды бөгемек болады. Мен абайламай қалсам, ол мені өлтіреді. Қаламды қиратып, университетімді талқандайды. Менің туысқандарым өз тағдырын маған тапсырды. Ол тағдырға мен жауаптымын. Сол жауапты бере аламын да». [56] Бұл жайттар, сөз жоқ, адамзаттағы басты байлық-бостандық пен тыныштықтың бағасы мен өлшемін айқын аңғартады.

Баубектің 1942 жылдың шілде айында жазылған «Тыңда, Кавказ!» атты публицистикалық шығармасында «Кавказ, сен менің көз алдымда тұрсың. Сенің асқар шыңың көз алдымнан кетпейді. Мен сені окопта жатып көріп отырмын. Кавказ, немістер саған қарай ентелеуде. Парнасқа да оқ атқан олар, сенің шыңыңа да оқ атқысы келеді. Немістер Гомердің ұрпақтарын атып-асып, тірі қалғандарын аштан қыруда, олар неміс айуандарынан қорлық көруде. Біз қашанда Кавказды сүйетінбіз, жерлестерім, қымбатты қазақ жігіттері! Біз сіздермен тізе қосып майданда, Белоруссияда, Москвада, Ленинград маңында жауға қарсы соғыстық. Біз бұл ұрыстарда жаман атақ алғанымыз жоқ, жаман соғысқанымыз жоқ. Харьков маңында соғысып жүрген қазақ жігіттері жаудан құтқарылған Украина жерін құшып сүйгенін газеттен оқығаным бар. Біз бұл хабарды бір украин жігітімен отырып оқыдық. Сонда қанша тар жол, тайғақ кешу кездесе де жауды жеңіп шыққанша күресуге, жауды жеңіп шығуға ант еттік. Немістерді Кавказға қоя беруге біздің хақымыз жоқ. Оны тарих кешпес те еді. Осы ерлік жырлана берсін, болашақтың жас адамдары Кавказға келгенде, оның алдынан сұр шинельді батырдың-Кавказды ерлікпен қорғаған жауынгерлердің тұлғасы тұратын болсын!». [3,67] (Осы жерде Баубек аяқталады ма)

Қандай ержүректілік, қандай өр ер еді. Бұл публицистикасын оқып отырып, көзіме окопта жатқан, сұм соғыста өлім мен өлім ортасында жатырған батыр Баубек елестеп, көз алдыма өр бейнесі шынайы түрде бейнеленді. Ол жау шабуылы толастаған сәтте, жаңа шабуыл басталар шақта, окоптағы үзіліс кездерінде, ұйқысыз түндерде қаруды қаламға алмастырып отырды. Міне, сондай қиын-қыстау сәттерде Баубекке қан арқылы берілген тектілік, жан арқылы берілген ойлылық көмекке келді.

Баубек публицистикасы өз заманының желбіреген туына айналды. Оған алып елдің түкпір-түкпірінен хаттар ағылды. Оның публицистикасы 40-жылдардың алып кеңістігінде үлкен резонанс туғызды. Бұл туралы Баубектің қаламдас досы Мұқан Иманжанов өз естелігінде Баубек хатта-рынан үзінділер келтіреді: «Бірінші жарияланған «Өмір мен өлім туралы» әңгімесіне байланысты, өзі былай деп жазады: «Комсомольская правда» арқылы патриоттардан статья жөнінде көп хат алам. Әсіресе, Украина мен Белоруссияның қыздары көп жазады. Редакция да құттықтап, материал сұрап 4-5 рет хат жазды. Мен бұл кішкентай статьямен жастардың жүрегіне қобыз ойнатсам керек...», 1943 жылғы 20 мартта жазған бір хатында: «Мені хат деген басып кетті... Совет Одағының бұрыш-бұрышынан келеді» – дейді.[4,5] «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде соғыс жылдары эпистолярлық публицистика ерекше қарқынмен дамыды. «Майданнан хат» деген арнайы айдар да ашылды. Сол айдар арқылы майдандағы жауынгерлер өздерінің елге деген ыстық сәлемін ұдайы жеткізіп отырды. Елдегі, тылдағы еңбеккерлер де майданға хаттарды толассыз жолдады. Осы ретте алғаш «Комсомольская правда» газетінде орыс тілінде, кейін «Социалистік Қазақстан» бетінде Ғ.Мүсірепов аудармасымен қазақша жарияланған Баубек Бұлқышевтің публицистикалық хаттарының алатын орнына тоқталмай кету мүмкін емес. Қазақ сөз өнерінің тарихында Баубек Бұлқышев есімі алтын әріптермен жазылып қалды. Сонау 1943 жылы қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов: «Оның очерк, мақалалары үлкен шеберлікпен жазылған. Совет журналист-жазушыларының алдыңғы

қатардағыларының-ақ айта алатын сөздері. Баубек дүниелік мәдениетпен, әр ағымды философиямен жақсы таныс, ірі жазушы болғалы келе жатыр еді. Қолында мылтығы, қалтасында қаламы. Елімізді қорлап, жерімізді ластап жүрген неміс-фашистеріне екеуі де тас шоқпардай тиеді. Қаламын Отан соғысының тілегіне бағындырып, Баубек қазір көркем очерк суреттеуімен жазып жүр», [5,4]– деп тебірене баға берді. Баубек шығармаларына ерекше сүйсінген жазушы кейін «Комсомольская правда» газетінде орыс тілінде жарық көрген Баубек публицистикасын қазақ тіліне төгілдіре тәржімалады.

Б.Бұлқышев фашистік басқыншылық әрекетті айыптау арқылы тіршілікке өлім сепкен жалпы қатыгездікке қарсы үн тастайды. Оның фашизмге деген өшпенділікке толы публицистикасы, сонымен бірге, қазақ әдебиетінің соғыс жылдарындағы жанрлық дамуының күні бүгінге дейінгі айқын көрінісі болып келеді. Әрине, соғыс жылдары өткірлік, қайсарлық сезімдері басқа жанрларды да шарпыды, ол – поэзияға ғана емес, сонымен қатар прозаға да тән қасиет бола бастады. Соғыс жылдары дүниеге келген туындылар ғана емес, осы тақырыпқа арналған шығармалардың барлығында өмір – ақиқат пен шындықтың арасын толтырған оқиға, деректерге жиынтығына айналды десек болғандай. Б.Бұлқышевтің публицистикалық мақалаларының негізгі арқауы болып гуманизм, өз халқыңды сүю, Отанның тәуелсіздігі мен намысы үшін аянбай күресіп жеңіске жету болып табылады.

Баубек Бұлқышев қарулас достары орыстар, украиндермен, белорустармен, басқа ұлттар солдаттарымен дос болған. Оның барлық шығармаларында бауырластық идеясы жоғары тұрады.

«Біз едәуірден бері достасып келеміз. Майданда кездесек те әлдеқашаннан бергі байырғы достар сияқтымыз. Федя – орыс, Вася – белорус, мен – қазақпын. Қанша рет атақаға бірге кірдік, неше рет бір шинельдің астында бірге жаттық. Неше рет жақсы көретін аспазымыз Абулқайым пісірген тамақты бір тостақпен жедік» – деп [3,27]1942 жылы қазан айында жазылған «Мен өмір сүргім келеді» публицистикалық хатында жазып қалдырыпты.

Баубек Бұлқышев әскери публицистикасын саралай келе мынадай тұжырымға тоқталдым:

Біріншіден, Баубек Бұлқышев әскери публицистикасы бізге адам баласының ешқашан да қорлыққа, құлдыққа, зорлық-зомбылыққа көне алмайтынын соғыс ақиқаты арқылы көрсетеді.

Екіншіден, Баубек әскери публицистикасы қазақ әскери публицистикасында Ұлы Отан соғысы – халық қаһармандығының отты шежіресі екенінің бір дәлелі болды.

Үшіншіден, қаламгер публицистикасы ұрпақтан ұрпаққа танылып, шынайы суреткерлік деңгейге жететін мол қазына.

Публицистика – замана ақиқаты, дәуір үні, қоғам дамуының айнасы деп қарастырсақ, сол ақиқат пен шындық үшін күресіп, аянбай еңбек еткен, бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен халқымыздың біртуар ұлы перзенттерінің еңбектерін зерделеп, олар жазған көсемсөздің қадірін білген абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Бұлқышев Б.Заман біздікі.-Алматы:Атамұра,2003.66,76.
- 2.Сәрсенбаев Ә.Ұстаздар мен тұстастар.-Алматы:Жазушы,1986ж,1956.
3. Бұлқышев Б. Заман біздікі. – Алматы: Жалын, 1984. ,276,286.
4. М.Иманжанов. «Соц.Қазақстан » газеті1944ж.21май,56
5. Ғ. Мүсірепов. «Комсомольская правда» газеті 1942 ж.23июнь,46.